

**2019 ЖЫЛҒЫ «ҚАЗПОЧТА» АҚ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ
ЕСЕП**

Астана қ., 2020ж.

**2019 жылғы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылау комитетінің қызметі туралы
ЕСЕП**

1. «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылау комитетінің қызметін ұйымдастыру

Тағайындаулар және сыйақылау комитеті Қоғамның Директорлар кеңесіне есепті болады және өзінің қызметін 2019 жылдың 24 қазандағы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен қабылданған «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылау комитеті туралы ережелерге сәйкес іске асырады.

Комитет қызметінің мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің сапасын арттыру болып табылады.

Комитеттің тапсырмалары мәселелерді тереңінен және мұқият қарастыру және Қоғамның Директорлар кеңесіне мыналар бойынша ұсыныстарды беру болып табылады:

1) Директорлар кеңесі мүшелерінің сайлау, қызметін бағалау, орын басушылығы мәселелері, сондай-ақ тәуелсіз директорларға үміткерлердің сыйақы мөлшері бойынша ұсыныстар;

2) Басқарманың құрамына үміткерлерді, Корпоративтік хатшы қызметіне және өзге де қызметтерге Қоғамның ішкі құжаттарына сай сайлау (тағайындау) мәселелері;

3) Қоғамның ішкі құжаттарына сай Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға, сондай-ақ өзге де қызметкерлерге уәждейтін қызметтің негізгі көрсеткіштерін белгілеу мәселелері;

4) Қоғамның ішкі құжаттарына сай Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшының және өзге де қызметкерлердің орын басушылығын жоспарлау және сыйақылар мәселелері;

5) Қоғамның тұрақты дамуының әлеуметтік және экологиялық мәселелері.

Қоғамның Жарғысына сай Комитеттің сандық құрамын, құзыреттер мерзімін анықтау, оның Төрағасын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың құзыреттерін мерзімнен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады.

Комитеттің Төрағасы болып Қоғамның тәуелсіз директоры Марк Дэвид Хьюз сайланды, бұл Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына және де корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес келеді.

2019 жылы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылау комитетінің құрамына мыналар кірді:

1-кесте. Тағайындаулар және сыйақылау комитетінің құрамы (01.01.2019ж. жай-күйі бойынша)

Тағайындаулар және сыйақылау комитетінің құрамы		
Т.А.Ә.	Қызметі	Бастап Комитеттің мүшесі
Марк Дэвид Хьюз	Комитеттің Төрағасы, «Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап
Кирюхин Олег Михайлович	Комитеттің мүшесі, «Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап
Саудабаев Серик Болатович	Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару дирекциясының «Көлік және коммуникациялар» секторының басшысы	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап

Дагарова Алия Мейрамовна	Сарапшы, «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару дирекциясының «Коммуникациялар» секторының бас менеджері	2018 жылдың 6 қыркүйегінен бастап
-----------------------------	---	--------------------------------------

2019 жылдың ішінде Тағайындаулар және сыйақылау комитетінің құрамы өзгермеді.

Комитет Комитет сарапшысы А.М. Дагарованың жұмысын жағымды бағалайды. А.М. Дагарова Комитет жұмысының тиімділігін арттыруына болысатын қажетті кәсіби білімдерге ие жоғары білікті маман болып табылады.

2. 2019 жылғы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылау комитетінің қызметі

2018 жылдың 6 желтоқсанында Комитет 2019 жылға Жұмыс жоспарын бекітті.

Есептік кезеңде Комитет 9 бетпе-бет отырыстарды өткізді. Отырыстардың күн тәртіптеріне сәйкес Комитет 36 сұрақты қарастырды, қарастырылған сұрақтар бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді.

Есептік кезеңнің ішінде Комитеттің отырыстарында Комитеттің құзыретіне кіретін қызметтің барлық сұрақтары қарастырылды.

Кадрлық мәселелер бойынша

Комитет Директорлар кеңесіне мына сұрақтар бойынша ұсыныстарды қарастырды және берді:

- 1) «Қазпочта» АҚ Басқар мүшелері – Басқарушы директорлары қызметтеріне үміткерлерді сайлау;
- 2) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін «Қазпочта» АҚ орталық аппаратының ұйымдастырушылық құрылымындағы өзгерістер туралы хабарлау;
- 3) 2027 жылға дейін «Қазпочта» АҚ HR Стратегиясын орындау бойынша бірыңғай есепті қарастыру;
- 4) «Қазпочта» АҚ басқарушы жұмыскерлерінің қызметтерінің негізгі көрсеткіштер картасын және олардың мақсатты мәндерін қысқа мерзімді кезеңге бекіту – 2020 жыл;
- 5) 2020 жылға Қоғамның Корпоративтік хатшысының және Корпоративтік хатшысының Аппарат қызметкерлерінің қызметтерінің негізгі көрсеткіштер картасын бекіту;
- 6) 2020 жылға «Қазпочта» АҚ Омбудменінің қызметінің негізгі көрсеткіштер картасын бекіту;
- 7) «Қазпочта» АҚ Басқарма мүшелерінің кадрлар резервін бекіт.

ТСК отырыстар аясында кадрлар резервіне, Басқарушы директорларына үміткерлермен сұхбаттар өткізілді, Қоғамның Директорлар кеңесі тиісті ұсыныстарды қабылдады.

Комитет бірде бір тұлға өзінің сайлауымен, тағайындауымен және қайта сайлауымен байланысты шешімдерге қатыспағанын қамтамасыз етті.

Комитет Қоғамның нарықтағы тұрақтылығын және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның басшылардағы қажеттілік талдамасын өткізіп отырады.

Сыйақылар мәселелері бойынша

Комитет Директорлар кеңесіне мына мәселелер бойынша ұсыныстарды қарастырып, берді:

- 1) 2018 жылдың қорытындылары бойынша «Қазпочта» АҚ Басқарма мүшелерінің қызметтерін бағалау және сыйлықақы беру;
- 2) 2018 жыл бойынша «Қазпочта» АҚ Басқарма мен Директорлар кеңесінің мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат;

3) «Қазпочта» АҚ орталық аппаратының жұмыскерлерінің еңбегін төлеу және сыйлықақы беру туралы ережелеріне толықтыруларды қарастыру (басқарушы жұмыскерлерінен, Корпоративтік хатшыдан, Корпоративтік хатшы Аппаратының жұмыскерлерінен, Ішкі аудит қызметінің және Комплаенс бақылау қызметінің басшысынан және жұмыскерлерінен, Омбудсменнен басқасы);

4) «Қазпочта» АҚ Корпоративтік хатшы аппаратының, Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлерінің және Омбудсменінің еңбегін төлеу және сыйлықақы беру туралы ережелерге өзгерістер және толықтырулар;

5) «Қазпочта» АҚ жұмыскерлерінің еңбегін төлеуін және сыйлықақы беруін реттейтін «Қазпочта» АҚ нормативтік құжаттарына өзгерістерді және толықтыруларды енгізу.

Комитет бірде бір тұлға өзінің сыйлықасын беруімен байланысты шешімдерді қабылдауына қатыспағанын қамтамасыз етті.

Сыйлықтар мөлшерін белгілеген кезінде Комитет жұмыскерлерді тарту, ұстап тұру және уәждеу үшін қажетті төлемдер мөлшерін анықтайды, сондай-ақ Комитет атқарушы органның уәждеу жүйесіне, атап айтқанда, ұзақ мерзімді құрамдас бөлігіне баса назар аударады.

Әлеуметтік мәселелер бойынша

Комитет Директорлар кеңесіне мына сұрақтар бойынша ұсыныстарды қарастырып, берді:

- 1) «Қазпочта» АҚ жұмыскерлерінің жүгінулерін қарастыру;
- 2) өндірістегі жазатайым оқиғалар және оларды алдын алуға бағытталған іс-шаралар туралы ақпаратты қамтитын еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша есепті қарастыру;
- 3) «Қазпочта» АҚ Омбудсменінің есебін қарастыру.

Бұдан басқа, ТСК отырыстарының аясында (19 қыркүйек 2019ж.) кәсіподақтармен кездесу өткен болатын.

Директорлар кеңесінің қызметі мәселелері бойынша

Комитет Директорлар кеңесіне мына сұрақтар бойынша ұсыныстарды қарастырып, берді:

- 1) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің қызметінің тиімділігі;
- 2) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің қызметін бағалау;
- 3) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесі туралы жаңа редакциядағы ережелерді бекіту;
- 4) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылау комитетінің жаңа редакциядағы ережелерді бекіту;
- 5) 2020 жылға «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылау комитетінің жұмыс жоспарын бекіту;
- 6) 2019 жылға «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылау комитетінің есебін қарастыру.

Тұрақты даму мәселелері бойынша

Комитет Директорлар кеңесіне мына сұрақтар бойынша ұсыныстарды қарастырып, берді:

- 1) «Қазпочта» АҚ Тұрақты дамуы туралы есепті қарастыру;
- 2) 2019 жылға «Қазпочта» АҚ Жылдық есебін бекіту;
- 3) «Қазпочта» АҚ еңбекті қорғау және қауіпсіздік саласындағы жаңа редакциясындағы саясатын бекіту.

2019 жылдың 11 желтоқсанында "КПМГ Такс энд Эдвайзори" ЖШС «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері және Басқарма мүшелері үшін «Корпоративтік басқару

және тұрақты даму» тақырыбына оқыту семинарын өткізген болатын. Комитет мүшелері жоғарыда көрсетілген семинарға қатысып, сертификаттарды алды.

2-кесте. 2019 жылда Комитеттің отырыстарға қатысу

2019 жылда Тағайындаулар және сыйақылау комитет мүшелерінің отырыстарға қатысу				
№	Т.А.Ә.	Барлығы отырыстар (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
1	Марк Дэвид Хьюз	9	9	100
2	Кирюхин Олег Михайлович	9	9	100
3	Саудабаев Серик Болатович	9	9	100
4	Дагарова Алия Мейрамовна	9	9	100

Комитеттің Төрағасы Марк Хьюз «Қазпочта» АҚ Басқармасы мүшелерімен, Омбудсменімен және құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен бірқатар кездесулерді өткізді.

3. Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылау комитетінің қызметін бағалау

9 ақпан 2018 жылғы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (№ 01/18 хаттамасы) Директорлар кеңесін, оның комитеттерін және директорларын бағалау сұрақтарын реттейтін «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің Төрағасының, мүшелерінің және Корпоративті хатшысының қызметін бағалау ережелері бекітілді. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына үлесін бағалауға, сондай-ақ жақсартулар үшін бағыттарды анықтауға және іс-шараларды ұсынуға мүмкіндік береді. «Қазпочта» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымданған процесінің аясында жыл сайынғы бағалаудың өткізілуін қарастырды. Осы ретте тәуелсіз кәсіби ұйымның тартуымен үш жылда бір реттен сирек емес бағалау өткізіледі.

2019 жылдың 24 қазанында Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесінің Комитеттерінің, Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің және Корпоративтік хатшысының қызметін өзін-өзі бағалау шешімі қабылданды. Өзін-өзі бағалау нәтижелері 2020 жылдың 11 ақпанында Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында қарастырылатын болады. Өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша Комитет мүшелерінің дамытуы бойынша іс-шаралар жоспары қабылданатын болады.

4. Қорытынды

2019 жылы ішінде Комитет туралы Ережелерге, сондай-ақ 2019 жылға Комитет жұмысының жоспарына сәйкес Комитет мақсаттарын, тапсырмаларын және функционалдық міндеттерін толық көлемде орындап шықты.

Комитет өзінің отырыстарының күн тәртібінің барлық сұрақтары қарастырды, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған өлшенген және байсалды кеңестер берді.

Комитет тағайындау және сыйақылар саясаттарының Қоғамның стратегиялық тапсырмаларына сәйкестікті қамтамасыз етті.

Комитеттің жұмысы Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмыс тиімділігін арттыруына және Қоғамның корпоративтік басқаруына қатысты Жалғыз акционердік болжалдарына жауап беретіндігін атап өткен жөн.